

Каменка ауылының көшелеріне атаулар беру туралы

Ақмола облысы Астрахан ауданы Каменка ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 14 қыркүйектегі № 1 шешімі. Ақмола облысы Астрахан ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 14 қазанда № 1-6-107 тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, 2009 жылдың 15 сәуірдегі Каменка ауылы тұрғындары жиынның хаттамасын ескере отырып, Каменка ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – Ақмола облысы Астрахан ауданы Каменка ауылы әкімінің 12.05.2017 № 1 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Каменка ауылының көшелеріне атаулар берілсін:

№ 1 көшеге - Николай Сабадовский атындағы атау,

№ 2 көшеге - Жастар атауы;

№ 3 көшеге - Желтоқсан атауы;

№ 4 көшеге - Бейбітшілік атауы;

№ 5 көшеге - Достық атауы;

№ 6 көшеге - Школьная атауы;

№ 7 көшеге - Зеленая атауы,

№ 8 көшеге - Сарыарқа атауы;

№ 9 көшеге - Жеңіс атауы;

№ 10 көшеге - Атамекен атауы.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Астрахан ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Каменка ауылдық
округінің әкімі

С.Ыбраев

КЕЛІСІЛДІ:

Астрахан ауданының
"Мәдениет және тілдерді
дамыту бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
бастығы

Л.Ж.Аханова

*Астрахан ауданының
"Сәулет және қала
құрылысы бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
бастығы*

Н.А.Герасимова

*Астрахан ауданының
"Экономика және бюджеттік
жоспарлау бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
бастығы*

А.М.Жусупова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК